

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2024 жылдың 06 қарашасындағы № 21)

б е к і т і л д і

2024 жылдың 06 қарашасынан бастап
қолданысқа енгізілді

Басқарма туралы ҚАҒИДА

Алматы қ.

2024

Осы Қағида "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін, "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Клиринг орталығы) Жарғысына, Клиринг орталығының Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), Клиринг орталығының басқа ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Клиринг орталығы Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) құрамын, Басқарма мен оның мүшелерінің өкілеттік мерзімін, Басқарманың функцияларын және оларды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ Басқарманың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін анықтайды.

1-бап. Жалпы қағидалар

1. Басқарма Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Клиринг орталығының алқалы атқарушы органы болып табылады.
2. Басқарма өз қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасын, Клиринг орталығының жарғысын, Кодексті, жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін, осы Қағиданы және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
3. Басқарманың өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Клиринг орталығының жарғысымен және ішкі құжаттарымен анықталады және мыналарды қамтиды:
 - 1) Директорлар кеңесі бекіткен таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, тәуекел-бейініне және ішкі құжаттарға сәйкес Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыру;
 - 2) даму стратегиясының орындалуын қамтамасыз ету, Клиринг орталығының Директорлар кеңесі бекіткен процедуларды, процестер мен саясатты сақтау, жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің тапсырмаларын, Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын, уәкілетті органның талаптары мен шараларын іске асыру;
 - 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатты іске асыру мақсатында ішкі құжаттарды бекіту;
 - 4) кейіннен Директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну үшін Клиринг орталығының тиісті жылдарға арналған бюджеттерінің жобаларын және стратегиялық жоспарларын әзірлеу;
 - 5) Клиринг орталығының іс-шаралар жоспарларының орындалуын бақылау;
 - 6) сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын ескере отырып, есепке алу мен есептілік жүйесін жақсартуды қамтамасыз ету;
 - 7) аудиторлық есептерді талдау және Директорлар кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау жөнінде ұсыныстар беру;
 - 8) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес Есеп саясатын әзірлеу;
 - 9) Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне Басқарма жұмысының нәтижелері туралы есеп беру;
 - 10) комплаенс-тәуекелді басқару жөніндегі саясаттың сақталуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы есептілікті ұсыну;
 - 11) Клиринг орталығының жұмыскерлері үшін комплаенс-тәуекелді, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару мәселелері

бойынша ішкі құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

12) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген өзге де өкілеттіктер.

4. Басқарма Төрағадан және Басқарма Төрағасының орынбасарлары болып табылатын немесе Клиринг орталығында өзге де лауазымдарды атқаратын Басқарма мүшелерінен тұрады.
5. Басқарма мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Клиринг орталығының жарғысымен, Кодекспен, оның жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің шешімдерімен, осы Қағидамен және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.
Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілмеген өзге мәселелер бойынша Басқарма шешімдер қабылдауды Басқарманың жекелеген мүшелеріне немесе Басқарма жанынан құрылатын комитеттерге табыстауға құқылы. Мұндай табыстау Басқарманың шешімімен немесе Басқарма бекіткен Клиринг орталығының ішкі құжатымен мақұлдануға тиіс.
6. Басқарма отырыстарын ұйымдастыру және өткізу Басқарма жұмысын регламенттейтін Басқарма бекіткен Клиринг орталығының ішкі құжатында (бұдан әрі - Басқарма жұмысының регламенті) көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-бап.

Басқарманың құрамы және өкілеттік мерзімі

1. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.
2. Клиринг орталығының акционерлері мен оның акционерлері болып табылмайтын жұмыскерлері, сондай-ақ өзге де тұлғалар Басқарма мүшелері бола алады. Басқарма мүшелерінің саны үш тұлғадан кем болмауы тиіс.
3. Басқарма мүшелерін Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының жарғысында, осы Қағидада және Директорлар кеңесі бекітетін Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында анықталатын тәртіпке сәйкес сайлайды.
4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қаржы ұйымдарының басшы жұмыскерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін кез келген тұлға Басқарма құрамына шектелмеген мөлшерде (осы Қағиданың 3-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) сайлануы мүмкін.
5. Басқарма мүшесін сайлау кезінде оның өкілеттік мерзімі тұтастай алғанда Басқарма үшін Директорлар кеңесі белгілеген өкілеттік мерзімінен аспауға тиіс.
6. Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасын қоса алғанда, Басқарманың барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Егер Директорлар кеңесінің шешімімен өзге мерзім белгіленбесе, Басқарма мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.
7. Басқарма мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Басқарманың осындай мүшесінің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

3-бап.

Басқарма мүшелеріне қойылатын талаптар мен шектеулер

1. Басқарма мүшелігіне кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында қаржы ұйымдарының басшы жұмыскерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс, оның ішінде:
 - 1) кәсіби тәжірибеге (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген лауазымдар мен салаларда еңбек өтілінің болуы), білімге және мінсіз іскерлік беделге ие болуы;
 - 2) жоғары білімі болуы;
 - 3) басшы жұмыскер лауазымына тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімінің болуы;
 - 4) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауаптылыққа тартылмаған не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін оны басшы лауазымға келісу туралы өтініш берілген күнге дейін үш жыл ішінде әкімшілік жазаға тартылмаған болуы тиіс.
2. Басқарма мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.
3. Басқарма Төрағасының атқарушы органның басшысы не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға, басқа заңды тұлға лауазымын атқаруға құқығы жоқ.
4. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы мүмкін.
5. Клиринг орталығы Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің және/немесе Директорлар кеңесі комитетінің Төрағасы бола алмайды. Басқарма Төрағасынан басқа, Басқарма мүшелері Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

4-бап.

Басқарманы сайлау, кандидаттарды іріктеу және конкурс өткізу тәртібі

1. Басқарма Төрағасы Басқарманың жұмыс істеп тұрған құрамының өкілеттіктерін тоқтату мерзімі басталғанға дейін, сондай-ақ Басқарма мүшесінің бос позициясы пайда болған жағдайда Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетіне (бұдан әрі – Комитет) акционерлерден, Директорлар кеңесінің мүшелерінен, және Қазақстан Республикасының заңнамасында қаржы ұйымының басшы жұмыскерлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін өзге де тұлғалардан тұратын кандидаттар арасынан Басқарма құрамын немесе Басқарма мүшесін сайлау туралы ұсыныс береді.
2. Кандидат (кандидаттар) бойынша ұсыныстар болмаған кезде Басқарма Төрағасы Комитетке Басқарма мүшесі (мүшелері) лауазымына кандидатты (кандидаттарды) сайлау жөнінде конкурс (бұдан әрі – конкурс) өткізу туралы ұсыныс енгізуге құқылы.
3. Комитет Директорлар кеңесіне Басқарма құрамына кандидатты (кандидаттарды) немесе оның жекелеген мүшелерін сайлау мәселесі, жалақы мөлшері (лауазымдық қызметақы мен лауазымдық қызметақыға ай сайынғы үстемеақы мөлшері), Басқарма мүшесінің (мүшелерінің) еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары бойынша, конкурсты өткізу және конкурстық комиссияны анықтау бойынша, оның ішінде конкурстық комиссия мүшелерінің саны және оның дербес құрамы бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар береді.
4. Директорлар кеңесі Комитет қойған мәселелер мен ұсыныстар бойынша, оның ішінде конкурс өткізу және кандидатқа (кандидаттарға) қойылатын біліктілік талаптары туралы шешім шығарады, ол отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

5. Директорлар кеңесі конкурс өткізу туралы шешім қабылдаған жағдайда Директорлар кеңесі Комитеттің ұсыныстарын ескере отырып, конкурстық комиссияны сайлайды. Конкурстық комиссияның құрамына Директорлар кеңесінің мүшелері және Клиринг орталығының өзге де жұмыскерлері кіре алады.
6. Конкурстық комиссия Басқарма мүшелігіне кандидаттар туралы құжаттарды берудің және оларды қараудың тәртібі мен мерзімін, конкурс өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын өткізуге, кандидаттан (кандидаттардан) келіп түсетін құжаттарды қабылдауға және өңдеуге және оларды Комитетке ұсынуға уәкілетті тұлғаны анықтайды.
7. Директорлар кеңесінің конкурс өткізу туралы шешімі болған кезде конкурстық комиссияның уәкілетті тұлғасы кандидатқа (кандидаттарға) қойылатын біліктілік талаптарын, құжаттарды қабылдау тәртібі мен мерзімін, қажетті құжаттар тізбесін, кандидаттардан келіп түсетін құжаттарды қабылдауға және жинауға уәкілетті тұлғаның байланыс деректерін көрсете отырып, конкурсты өткізу туралы ақпаратты Клиринг орталығының www.kacc.kase.kz интернет-ресурсында орналастыру жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.
8. Конкурстық комиссия кандидатпен (кандидаттармен) әңгімелесу өткізеді, Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген біліктілік және өзге де талаптарға сәйкес келетін кандидаттарды іріктейді, Басқарма құрамына сайлау үшін кандидатты (кандидаттарды) қарау жөнінде Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізеді.
9. Директорлар кеңесі конкурстық комиссия ұсынған кандидаттарды ескере отырып, оның (олардың) өкілеттік мерзімін, лауазымдық қызметақысы мен лауазымдық қызметақысына ай сайынғы үстемеақыны қамтитын жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтай отырып, Басқарма мүшесін (мүшелерін) сайлау туралы шешім қабылдайды.
10. Клиринг орталығының атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Директорлар кеңесі осыған уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

5-бап.

Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Басқарма мүшесінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының жарғысында, осы Қағидада, Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында, Клиринг орталығының Басқарма мүшесімен жасасатын еңбек шартында, сондай-ақ осы Қағидаға 1 және 2-қосымшалардың нысаны бойынша ресімделетін лауазымдық нұсқаулықтарда анықталады.

Басқарма Төрағасының лауазымдық нұсқаулығын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға бекітеді.

Басқарманың өзге мүшелерінің лауазымдық нұсқаулықтарын Басқарма Төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға бекітеді.

2. Міндеттерді тиісінше орындау мақсатында Басқарма мүшесі:
 - 1) Заңда, Клиринг орталығының жарғысында және Басқарма жұмысының регламентінде анықталған тәртіпке сәйкес Басқарма отырысын шақыруды талап етуге;
 - 2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті және толық ақпаратты уақтылы алуға;
 - 3) өз құзыреті шегінде Басқарма мүшесінің жұмысына байланысты іс-әрекеттерді жүзеге асыруға және шешімдер қабылдауға;
 - 4) Клиринг орталығының қызметіне байланысты кәсіптік біліктілігін

арттыруға бағытталған оқудан өтуге құқылы.

3. Басқарма мүшесі:

- 1) өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Клиринг орталығы мен оның акционерлерінің мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін жұмысты орындау тәсілдерін пайдалануға;
- 2) Клиринг орталығының мүлкін Клиринг орталығының жарғысына және жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланбауға немесе оны пайдалануға жол бермеуге және өзінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде өкілеттіктерін теріс пайдаланбауға;
- 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Клиринг орталығының қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылауға;
- 5) егер Клиринг орталығының ішкі құжаттарында, еңбек шартында және/немесе жеке келісімде (шартта) өзгеше белгіленбесе, Клиринг орталығының қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Клиринг орталығында жұмыс тоқтатылған кезден бастап үш жыл бойы сақтауға;
- 6) Клиринг орталығы мен оның жалғыз акционерінің мүддесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Клиринг орталығы жарғысының, Клиринг орталығының ішкі құжаттарының және еңбек шартының талаптарына сәйкес іс-қимыл жасауға;
- 7) өз құзыреті шегінде корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір шығаруға;
- 8) Басқарма отырыстарына белсенді қатысуға және себептерін түсіндіре отырып, өзінің Басқарма отырысына қатысуының мүмкін еместігі туралы Клиринг орталығының Басқарма Төрағасын алдын ала хабардар етуге;
- 9) Басқарма мүшесінің мүдделері мен Клиринг орталығының мүдделері арасында жанжалдың туындауына әкелетін немесе әкелуі ықтимал іс-әрекеттерден тартынуға, ал мұндай жанжал болған немесе туындаған жағдайда – ол туралы ақпаратты Басқарма Төрағасы мен Директорлар кеңесіне ашуға және өзінің кейінгі іс-әрекеттерін жасау тәртібін сақтауға шаралар қолдануға;
- 10) мүддесі бар мәмілені жасау ниеті туралы Басқарма Төрағасын және Директорлар кеңесін жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ ақпаратты ашу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ол жасаған мәмілелер туралы ақпаратты ашуға;
- 11) өзінің мүдделілігі бар шешімдер қабылдауға қатысты мәселелер (Басқарма мүшесінің немесе оның аффилиирленген тұлғаларының мүдделілігі бар мәміле) бойынша дауыс беруден қалыс қалуға міндетті. Бұл ретте Басқарма мүшесі Басқарманың және Директорлар кеңесінің назарына мүдделіліктің болуы туралы және оның туындау негіздері туралы ақпаратты жеткізеді;
- 12) жеке мүдделеріне немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне орай Клиринг орталығы туралы құпия ақпаратты, сондай-ақ Басқарма мүшесінің міндеттерін атқару кезеңінде және Клиринг орталығында жұмыс аяқталғаннан кейін Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және/немесе еңбек шартында және/немесе жеке келісімде (шартта) белгіленген мерзім ішінде заңмен қорғалатын кез келген ақпаратты жария етпеуге және пайдаланбауға міндетті.

4. Басқарма мүшелерінің, сондай-ақ олардың үлестес тұлғаларының:
 - 1) өз мүдделері үшін немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып, бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты немесе оған негізделген ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
 - 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге құқығы жоқ.
5. Басқарма мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының жарғысында, Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және актілерінде, еңбек шартында, лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзге де құқықтары бар және өзге де міндеттерді орындайды.

6-бап.

Басқарма Төрағасының өкілеттіктері

1. Клиринг орталығының Басқарма Төрағасы:
 - 1) жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Клиринг орталығының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 3) Клиринг орталығын үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста ұсыну құқығына сенімхат береді;
 - 4) Клиринг орталығының жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Клиринг Директорлар кеңесі тағайындайтын жұмыскерлерді қоспағанда, Клиринг орталығы жұмыскерлерінің лауазымдық қызметақыларының және Клиринг орталығының штат кестесіне сәйкес қызметақыларға дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді;
 - 5) қажет болған жағдайда, өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
 - 6) Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;
 - 7) Басқарма мүшелерінің және Клиринг орталығы жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының жарғысында, жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінде, еңбек шартында, ішкі құжаттарда және Клиринг орталығының актілерінде, лауазымдық нұсқаулықта анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.
2. Басқарма қызметін ұйымдастыру шеңберінде Басқарма Төрағасы:
 - 1) Басқарманың Клиринг орталығының өзге де органдарымен тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
 - 2) Басқарма қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады және Басқарма отырыстарында төрағалық етеді;
 - 3) Басқарма мүшелерінің Басқарма отырысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша өз пікірлерін еркін білдіруін және олардың ашық талқылануын қолдайды, қаралатын мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын тұжырымдауға бастамашылық жасайды;

- 4) бірлескен қатысу нысанында және/немесе Басқарма отырысына қашықтан қатысу кезінде өткізілетін Басқарма отырысына қатысу үшін шақырылатын тұлғалардың тізімін анықтайды;
- 5) Басқарма отырыстарында мәселелерді талқылауды, сондай-ақ отырысқа қатысу үшін шақырылған тұлғалардың пікірін тыңдауды ұйымдастырады;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының жарғысында, осы Қағидада және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

7-бап.

Басқарма мүшелерінің жауапкершілігі

1. Басқарма Төрағасы және Басқарма мүшелері Заңға сәйкес Клиринг орталығының лауазымды тұлғалары болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жауапты болады.
2. Басқарма мүшелері жетекшілік етуі Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған Клиринг орталығы бөлімшелерінің және/немесе жобаларының және/немесе қызметінің бағыттарының қызметін ұйымдастыру мен бақылау үшін, оның ішінде Басқарманың басқа мүшелерін алмастыру кезеңінде жауапты болады.

Басқарма мүшелері Клиринг орталығында ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері үшін, оның ішінде олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын сақтауы үшін жауапты болады.

3. Басқарма мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Клиринг орталығы шеккен залалдар үшін, соның ішінде, бірақ шектелмей, мыналардың:
 - 1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпарат беру тәртібінің бұзылуы;
 - 3) олардың жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының Клиринг орталығымен осындай мәмілелерді жасасу нәтижесінде пайда (кіріс) алуы мақсатында Клиринг орталығының залалдарының туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуға және (немесе) жасасу туралы шешімдер қабылдауға ұсынудың нәтижесінде шеккен залалдар үшін Клиринг орталығы мен акционердің алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.
4. Заңда және/немесе Клиринг орталығының жарғысында көзделген жағдайларда жалғыз акционердің ірі мәміле және/немесе жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдауы егер оларды Клиринг орталығының орындауы нәтижесінде залал келтірілсе, оларды жасауға ұсынған немесе ол мүшесі болып табылатын Клиринг орталығы органының отырысында жосықсыз әрекет еткен және/немесе әрекетсіздік, оның ішінде ол не оның аффилиирленген тұлғалары пайда (кіріс) алуы мақсатында жасаған Басқарма Төрағасын немесе Басқарма мүшесін жауапкершіліктен босатпайды.
5. Клиринг орталығы жалғыз акционердің шешімі негізінде өз атынан Клиринг орталығының мүддесі үшін жасалуына мүдделілік бар мәмілені Клиринг орталығының жасауы нәтижесінде Клиринг орталығында туындаған және соның нәтижесінде Клиринг орталығы құны оның активтерінің баланстық

құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған, лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуына әкеп соққан залал үшін, егер мәміле жасасу туралы шешім қабылданған сәтте мұндай мүліктің құны "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы анықтаған оның нарықтық құнына анық сәйкес келмегені дәлелденсе, лауазымды тұлғаны жауапқа тарту туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

Клиринг орталығы жалғыз акционердің шешімі негізінде өз атынан Клиринг орталығына келтірілген зиянды не залалды Клиринг орталығына өтеу туралы, сондай-ақ ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасауға ұсыныстар) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алынған, Клиринг орталығының шығындарының туындауына әкеп соққан пайданы (кірісті), егер лауазымды адам жосықсыз әрекет жасаса және (немесе) әрекетсіздік жасаса, Клиринг орталығына лауазымды тұлғаның және (немесе) оның аффилирленген тұлғаларының қайтаруы туралы лауазымды тұлғаға талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Клиринг орталығы акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде немесе Клиринг орталығының дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан Клиринг орталығының осы үшінші тұлғамен жасасқан мәмілесі нәтижесінде Клиринг орталығына келтірілген залалды Клиринг орталығына өтеу туралы арызбен, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Клиринг орталығының осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Клиринг орталығының жарғысының және ішкі құжаттарының немесе оның еңбек шартының талаптарын бұза отырып әрекет етсе, Клиринг орталығының лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға талап-арызбен жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда көрсетілген үшінші тұлға және Клиринг орталығының лауазымды тұлғасы Клиринг орталығына осындай залалдарды өтеу кезінде Клиринг орталығының ортақ борышкерлері ретінде әрекет етеді.

6. Сот органдарына жүгінгенге дейін Клиринг орталығының жалғыз акционері Клиринг орталығының лауазымды тұлғалары келтірген залалды Клиринг орталығына өтеу және ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу (жасауға ұсыныстар) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Клиринг орталығының лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының Клиринг орталығына қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің Төрағасы осындай өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің Клиринг орталығының дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімдерде алмағаннан кейін Клиринг орталығының дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционер көрсетілген мәселе бойынша Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің төрағасына акционердің жүгінгенін растайтын құжаттар болған кезде өз атынан Клиринг орталығының мүдделерін қорғау үшін сотқа талап арыз беруге құқылы.

7. Мәміле жасауға мүдделі және Клиринг орталығы оны орындау нәтижесінде залал келтірген мәмілені жасасуға ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда,

Басқарма мүшелері, егер Клиринг орталығының органы қабылдаған, Клиринг орталығының не акционердің залалына әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берген немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

8. Басқарма Төрағасы және Басқарманың басқа да мүшелері, егер олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Клиринг орталығының лауазымды адамдары қызметінің қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау сәтіндегі өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісті түрде әрекет еткені және мұндай шешім Клиринг орталығының мүдделеріне қызмет етеді деп негізделген түрде есептегені дәлелденсе, коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.
9. Егер Клиринг орталығының қаржылық есептілігі Клиринг орталығының қаржылық жағдайын бұрмалаған болса, Клиринг орталығының осы қаржылық есептілігіне қол қойған Клиринг орталығының лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық залал келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауапты болады.
10. Егер тараптар мәмілені жасасу кезінде мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Клиринг орталығы белгілеген шектеулерді бұза отырып, Басқарма мақұлдаған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.
11. Осы Қағиданың мақсаттары үшін жосықсыздық және әрекетсіздік анықтамалары деп мыналар түсініледі:
 - 1) жосықсыз, яғни Клиринг орталығының мүддесіне сай келмейтін Клиринг орталығының лауазымды тұлғалары қызметінің Заңда белгіленген қағидаттарын бұза отырып, нәтижесінде Клиринг орталығына кәдімгі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын залалдар келтірілген ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау (жасауға ұсыныс);
 - 2) әрекетсіздік, яғни Клиринг орталығының лауазымды адамы ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау кезінде қалыс қалған, оның нәтижесінде Клиринг орталығына кәдімгі кәсіпкерлік тәуекелмен қамтылмайтын шығындар келтірілген не дәлелді себепсіз дауыс беруге қатыспаған.

8-бап.

Басқарманың қызметін ұйымдастыру

1. Басқарма өз қызметін осы Қағидаға, Басқарма жұмысының регламентіне және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.
2. Басқарма отырысын өткізу үшін кворум Клиринг орталығының жарғысында анықталады, бірақ Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауға тиіс.
3. Егер қандай да бір мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде Басқарма өзгеше белгілемесе, Басқарма отырысын өткізу кезінде оның шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады.
4. Басқарма мүшесінің отырыс күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру кезінде бір дауысы болады.
5. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.
6. Егер Басқарманың жекелеген шешімдерімен өзгеше белгіленбесе, Басқарма отырыстары бейнеконференция-байланыс (Басқарма отырысын қашықтан өткізу) арқылы көзбе-көз не онлайн-режимде өткізіледі.
7. Мұндай қатысудың жарамдылығы осы отырысқа қатысатын Басқарманың қалған мүшелерінде күмән тудырмайтын жағдайда Басқарма мүшесі

Басқарма отырысына қашықтан қатысуға құқылы.

8. Басқарма отырысына қашықтан қатысатын Басқарма мүшелері осы отырыстың кворумын анықтау кезінде ескеріледі, ал олардың дауыстары осы отырысқа қатысатын Басқарма мүшелерінің дауыстарын санау кезінде ескеріледі. Бұл ретте осы отырыстың хаттамасына қатысудың осындай тәсілі туралы жазба енгізілуге тиіс.
9. Басқарма отырыстары Клиринг орталығының мүдделі жұмыскерлерінің, сондай-ақ Басқарма шақырған өзге де тұлғалардың қатысуымен өткізілуі мүмкін.
10. Басқарманың шешімдері, егер Клиринг орталығының жарғысында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысушы оның мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.
11. Басқарма шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған қойылатын талаптар Басқарма жұмысының регламентінде көзделген.
12. Егер Басқарманың шешімінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Клиринг орталығының ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Басқарманың шешімі оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.
13. Басқарма отырыстарын шақыру, ұйымдастыру және өткізу Басқарма жұмысының регламентінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

9-бап.

Басқарма мүшелеріне сыйақы

1. Лауазымдық қызметақы мен лауазымдық қызметақыға ай сайынғы үстемеақыны және Басқарма басшысы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын қамтитын жалақы мөлшерін анықтау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.
2. Жалақы тұрақты және ауыспалы бөліктерді қамтиды. Тұрақты бөлік лауазымдық қызметақы болып табылады және жалақының 75%-ын құрайды, ауыспалы бөлік жалақының 25%-ын құрайды және лауазымдық қызметақыға ай сайынғы үстемеақы болып табылады.
3. Басқарма мүшесінің жалақысының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке табыс салығының және басқа да міндетті аударымдардың сомаларын ескере отырып, теңгемен анықталады.
4. Басқарма мүшелерінің тәртіптік жазасы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі негізінде қолданылады. Бұл ретте Директорлар кеңесі Комитеттің ұсынымы негізінде Басқарманың қандай да бір мүшесінің жалақысының ауыспалы бөлігін толық немесе ішінара ұстап қалу туралы шешім қабылдай алады, ол өз кезегінде, оның ішінде Басқарманың басқа мүшелеріне қатысты Басқарма Төрағасының ұсынысы негізінде берілуі мүмкін.
5. Директорлар кеңесі анықтаған лауазымдық қызметақының және Басқарма мүшесіне ай сайынғы үстемеақының мөлшері, егер Директорлар кеңесі өзгеше шешім қабылдаса, оның өкілеттігінің күшінде болуының бүкіл мерзіміне белгіленеді.
6. Басқарма мүшесіне ай сайынғы жалақыны төлеу тәртібі еңбек шартында белгіленеді.
7. Басқарма мен Клиринг орталығының есепті жылдағы қызметінің нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің отырысында Басқарма мүшелерінің есепті жылдағы жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы және оны Басқарма мүшелеріне төлеу туралы шешім қабылданады.
8. Басқарма мүшелеріне жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшері, тәртібі

мен шарттары есепті жыл ішінде Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

9. Басқарма мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу және Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақы сыйақысының жалпы сомасын анықтау Басқарма мүшелерінің қызметін және сыйақыларын бағалауды реттейтін Клиринг орталығының ішкі құжатымен регламенттелген.
10. Басқарма мүшелеріне жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшерін анықтау Клиринг орталығының жұмыс жоспарларын іске асыруға, негізгі міндеттерді орындауға, Клиринг орталығының жұмыс тиімділігі мен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне қол жеткізуге байланысты жұмыскерлердің еңбегі мен сыйақысын барабар бағалау жүйесі негізінде жүзеге асырылады.
11. Клиринг орталығы өз жұмыскерлерін міндетті және/немесе ерікті сақтандыру туралы шарттар жасасқан жағдайда сақтандыру өтемақысы Басқарма мүшелерінің өзінің еңбек міндеттерін орындау кезеңінде Басқарма мүшелеріне қолданылады.

10-бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Қағиданы, сондай-ақ оған барлық өзгерістер мен толықтыруларды Директорлар кеңесі бекітеді.
2. Осы Қағидаға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды уақтылы енгізу (өзектендіру) үшін жауапкершілік Басқарма хатшысына жүктеледі.
3. Осы Қағида осы Қағиданың қолданысқа енгізілген күнінен бастап, ал ол өзекті болған жағдайда – соңғы өзгерістер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап кемінде әр үш жыл сайын өзектендірудің қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.

Басқарма Төрағасы

Н. Хорошевская

Басқарма туралы қағидаға

1-қосымша

(титул парағы)

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

_____ ТАӨ

_____ 20 ____ ж.

б е к і т т і

Басқарма Төрағасының ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Алматы қ.

XXXX жыл

Осы Лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының заңнамасына және "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның (бұдан әрі – Клиринг орталығы) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Клиринг орталығы Басқарма Төрағасының өкілеттіктерін, міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін анықтайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Клиринг орталығы Басқармасының Төрағасы (бұдан әрі – Басқарма Төрағасы) Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) шешімі негізінде Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын атқарушы органның (бұдан әрі – Басқарма) басшысы болып табылады.
2. Басқарма Төрағасы лауазымына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, атап айтқанда Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Клиринг орталығының жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келетін тұлға сайланады.
3. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады және лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің құрамына кіреді. Басқарма Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органның басшысы не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын атқаруға не қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлға филиалының басшысы лауазымын атқаруға құқылы емес.
4. Басқарма Төрағасының өкілеттіктері, функциялары, құқықтары мен міндеттері "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Клиринг орталығының жарғысымен, Басқарма туралы қағидамен, Басқарма жұмысының регламентімен және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен, осы Лауазымдық нұсқаулықпен, сондай-ақ еңбек шартымен анықталады.
5. Осы Лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының заңнамасы, Клиринг орталығының ішкі құжаттары және Басқарма Төрағасының міндеттері өзгерген жағдайларда өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.
6. Басқарма Төрағасы болмаған жағдайда міндеттерді атқару Басқарма Төрағасының Басқарма мүшелері арасында міндеттерді бөлу және оларды алмастыру тәртібі туралы бұйрығына сәйкес немесе Басқарма Төрағасының жекелеген бұйрықтарына сәйкес Клиринг орталығы Басқармасы мүшелерінің біріне жүктеледі.

2-тарау. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

7. Басқарма Төрағасының Клиринг орталығының жарғысында, Басқарма туралы қағидада анықталған өкілеттіктері бар.
8. Басқарма Төрағасының негізгі функциялары:
 - 1) жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Клиринг орталығының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 3) Клиринг орталығын үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста ұсыну құқығына сенімхат береді;
 - 4) Клиринг орталығының жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Клиринг орталығы жұмыскерлерінің лауазымдық қызметақыларының және Клиринг орталығының штат кестесіне сәйкес қызметақыларға дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына кіретін жұмыскерлерді және Клиринг

орталығының ішкі аудит қызметін қоспағанда, Клиринг орталығы жұмыскерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін анықтайды;

- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 6) Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;
- 7) Клиринг орталығының жарғысында және жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде анықталған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

9. Басқарма Төрағасы Басқарма туралы қағидаға сәйкес анықталатын міндеттермен қатар:
 - 1) Клиринг орталығының қаржы-шаруашылық қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға;
 - 2) өз құзыреті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығаруға;
 - 3) Басқарма отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша Басқарма мүшелеріне қажетті материалдарды уақтылы беруді қамтамасыз етуді қоса алғанда, Басқарма отырыстарын шақыруға және Басқарма жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;
 - 4) Клиринг орталығының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруге және бақылауға (бұдан әрі – жетекшілік) міндетті. Басқарма Төрағасы жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің тізбесі Мүдделер қақтығыстарын басқару саясатының талаптары және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы ескеріле отырып анықталады;
 - 5) Басқарманың қарауына бизнес-процестерді оңтайландыру, оның ішінде жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ Клиринг орталығының ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қоса алғанда, Клиринг орталығы қызметінің бағыттары бойынша ұсыныстар енгізуге;
 - 6) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің міндеттерді тиісінше және уақтылы орындауына жетекшілік етуге;
 - 7) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына және өзге де ұйымдарға ішкі құжаттарға, сондай-ақ құжаттарға қол қоюға;
 - 8) Басқарма мүшелерінің және Клиринг орталығы жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітуге;
 - 9) Клиринг орталығында ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге.
 - 10) ішкі құжаттарда, жалғыз акционердің және Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімдерінде анықталған өзге де функцияларды жүзеге асыруға міндетті;
10. Басқарма Төрағасы Клиринг орталығының құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің жетекшілігін, ал Клиринг орталығы Басқармасының бір немесе бірнеше мүшесі болмаған кезеңде – Басқарма мүшелері арасында міндеттерді бөлу және оларды алмастыру тәртібі туралы бұйрыққа сәйкес Клиринг орталығының өзге де құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілігін жүзеге асырады.

Басқарма Төрағасы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін басқаруға арналған Клиринг орталығының жалпы басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылатын ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құруды, оның жұмыс істеуін және жақсартуды қамтамасыз етеді.

Құрылымдық бөлімшелердің қызметіне жетекшілік ету жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында Басқарма Төрағасының мынадай функцияларды орындауын қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:

- 1) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердегі процестердің / операциялардың / процедуралардың тұрақты мониторингі;
- 2) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және/немесе жұмыскерлерімен:
 - жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердегі процестердің/операциялардың/процедуралардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін;
 - Клиринг орталығында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, Қазақстан Республикасының заңнамасын және Клиринг орталығының ішкі құжаттарын сақтауды;
 - Директорлар кеңесі, Басқарма бекітетін жұмыс жоспарларында жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерге бекітілген іс-шараларды орындауды;
 - жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды;
 - Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, Клиринг орталығында ішкі бақылау жүйесін қалыптастыруды (жете қалыптастыруды) қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесулер мен талқылауларды өткізу;
- 3) иесі немесе тең иесі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше болып табылатын ішкі құжаттардың жобаларын, Клиринг орталығының ішкі құжаттарына өзгерістерді/толықтыруларды келісу немесе оларды тоқтату;
- 4) ішкі бақылаудың жұмыс істеуі мәселелері бойынша Басқарма мүшелерімен қажеттілігіне қарай кездесулер мен талқылаулар өткізу;
- 5) жетекшілік ететін бөлімшелерде тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ету, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметіндегі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, бақылау және мониторинг жүргізу;
- 6) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жұмыскерлерін Клиринг орталығының ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды қамтитын ішкі құжаттарымен таныстыруды қамтамасыз етеді;
- 7) құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімдер жасасуды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы шарттарды Клиринг орталығының жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелері осындай келісімдер, шарттар жасасуға бастамашы болған жағдайларда келісімдерге, қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттарға енгізуді қамтамасыз етеді.

4-тарау. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

11. Басқарма Төрағасы Клиринг орталығының жарғысында және Басқарма туралы қағидада анықталған құқықтармен қатар:
 - 1) Клиринг орталығы жұмыскерлерінің қатысуымен кеңестер шақыруға;
 - 2) Клиринг орталығының жұмыскерлерінен қажетті және толық ақпаратты сұратуға және уақтылы алуға;
 - 3) өз құзыреті шегінде Клиринг орталығының жұмысына байланысты іс-әрекеттер жасауға және шешімдер қабылдауға;
 - 4) Клиринг орталығының жұмыскерлерін материалдық/материалдық емес ынталандыру қажеттігі туралы шешімдер қабылдауға;
 - 5) Клиринг орталығының қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

- 6) кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған кезде белгіленген тәртіппен шаралар қолдануға;
- 7) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тиісті курстар мен семинарларда оқудан өту арқылы өзінің біліктілігін арттыруға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының жарғысында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

5-тарау. ЖАУАПКЕРШІЛІК

12. Басқарма Төрағасы:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған шектерде осы Лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында Клиринг орталығының және жалғыз акционердің алдында оның іс-әрекетінен және/немесе әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Клиринг орталығы шеккен залалдар үшін, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, мыналардың:
 - жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
 - Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;
 - олардың жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының Клиринг орталығымен осындай мәмілелер жасасуы нәтижесінде пайда (кіріс) алуы мақсатында Клиринг орталығының залалдарының туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасуға және (немесе) жасасу туралы шешімдер қабылдауға ұсыныстар нәтижесінде шеккен залалдар үшін;
 - 3) Клиринг орталығының мүлкін Клиринг орталығының жарғысына, Клиринг орталығының жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетін, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеу үшін;
 - 4) Клиринг орталығы немесе оның коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты жария еткені үшін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны және өзінің лауазымдық міндеттері мен өкілеттіктерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашқаны үшін;
 - 5) Клиринг орталығының компьютерлік техникасымен және ұйымдастыру техникасымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін;
 - 6) Клиринг орталығында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін;
 - 7) өзі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері, оның ішінде ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын сақтауы үшін;
 - 8) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына және ұйымдарға есептерді, хабарламаларды және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзге де құжаттарды/материалдарды уақтылы ұсынуы үшін;
 - 9) өзі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде ақпараттық қауіпсіздікті сақтамау және қамтамасыз етпеу үшін жауапты болады.
13. Басқарма Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының ішкі құжаттарында, еңбек шартында белгіленген өзге де жауаптылықта болады.

Осы Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

"__" _____ 20__ жыл

Басқарма туралы қағидаға
2-қосымша

(титул парағы)

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Басқарма Төрағасы

20 __ жылдың __

б е к і т т і

Басқарма мүшесі - (лауазымның толық
атауы)

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Алматы қ.

XXXX жыл

Осы Лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының заңнамасына және "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның (бұдан әрі – Клиринг орталығы) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Клиринг орталығының Басқарма мүшесінің өкілеттіктерін, міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін анықтайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Клиринг орталығының Басқарма мүшесі - (лауазымының атауы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Басқарма мүшесі) Клиринг орталығының лауазымды тұлғалары санатына жатады.
2. Басқарма мүшесінің лауазымына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, атап айтқанда Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Клиринг орталығының жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келетін тұлға сайланады.
3. Басқарма мүшесі Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен лауазымы бойынша Басқарма құрамына кіреді.
4. Басқарма мүшесі лауазымы бойынша тікелей Клиринг орталығы Басқармасының Төрағасына бағынады. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.
5. Басқарма мүшесінің өкілеттіктері, функциялары, құқықтары мен міндеттері "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Клиринг орталығының жарғысымен, Басқарма туралы қағидамен, осы Лауазымдық нұсқаулықпен, Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен және актілерімен, сондай-ақ еңбек шартымен анықталады.
6. Осы Лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының заңнамасы, Клиринг орталығының ішкі құжаттары, Басқарма мүшесінің құқықтары мен міндеттері өзгерген жағдайларда өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

2-тарау. БАСҚАРМА МҮШЕСІНІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

7. Басқарма мүшесінің Клиринг орталығының жарғысында, Басқарма туралы қағидада анықталған өкілеттіктері болады.

Басқарма мүшесінің негізгі функциялары:

- 1) Басқарма туралы қағидада белгіленген міндеттерді орындау;
- 2) жалғыз акционердің, Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің және Басқарма Төрағасының тапсырмаларын, оның ішінде Директорлар кеңесінің және Клиринг орталығы жалғыз акционерінің шешімдерінен туындайтын тапсырмаларды орындау;
- 3) Клиринг орталығы Басқармасының Төрағасы өзіне жүктеген міндеттерді орындау;
- 4) Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын орындау;
- 5) өз құзыреті шегінде құжаттарға қол қою және бұрыштама қою;
- 6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді бөлу және оларды алмастыру тәртібі туралы бұйрыққа сәйкес Клиринг орталығының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру және бақылау (жетекшілік) болып табылады. Клиринг орталығы Басқармасының мүшесі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің тізбесі Директорлар кеңесі бекітетін Мүдделер қақтығыстарын басқару саясатының және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары ескеріле отырып анықталады;
- 7) бизнес-процестерді оңтайландыру, оның ішінде жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер, ақпараттық жүйелерді дамыту, сондай-ақ Клиринг орталығының ішкі

құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды қоса алғанда, Клиринг орталығы қызметінің бағыттары бойынша ұсыныстарды Басқарманың қарауына енгізу;

- 8) осы Лауазымдық нұсқаулықтың 3-тарауының талаптарын ескере отырып, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің міндеттер мен функцияларды тиісінше және уақтылы орындауын бақылау;
- 9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Клиринг орталығы жарғысының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Басқарма мүшесінің жұмысына байланысты шешімдер қабылдау;
- 10) Клиринг орталығының жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және Клиринг орталығы Басқарма төрағасының шешімдерімен анықталған өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

3-тарау. БАСҚАРМА МҮШЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

8. Басқарма туралы қағидаға сәйкес анықталатын міндеттермен қатар Басқарма мүшесі:
 - 1) өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Клиринг орталығы мен оның жалғыз акционерінің мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалануға;
 - 2) Клиринг орталығының мүлкін Клиринг орталығының жарғысына және Клиринг орталығының жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланбауға немесе пайдалануға жол бермеуге және өзінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдаланбауға;
 - 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге;
 - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Клиринг орталығының қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылауға;
 - 5) егер Клиринг орталығының ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Клиринг орталығының қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Клиринг орталығында жұмыс тоқтатылған кезден бастап үш жыл бойы сақтауға;
 - 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Клиринг орталығының жарғысына және ішкі құжаттарына, хабардар болу, ашықтық негізінде, Клиринг орталығы мен оның жалғыз акционерінің мүдделері үшін еңбек шартына сәйкес іс-қимыл жасауға;
 - 7) өз құзыреті шегінде корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір шығаруға;
 - 8) Басқарма отырыстарына белсенді қатысуға және себептерін түсіндіре отырып, өзінің Басқарма отырысына қатысуының мүмкін еместігі туралы Клиринг орталығының Басқарма Төрағасын алдын ала хабардар етуге;
 - 9) Басқарма мүшесінің мүдделері мен Клиринг орталығының мүдделері арасында жанжалдың туындауына әкелетін немесе әкелуі ықтимал іс-әрекеттерден тартынуға, ал мұндай жанжал болған немесе туындаған жағдайда – ол туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне ашуға және өзінің кейінгі әрекеттерін жасау тәртібін сақтауға шаралар қабылдауға;
 - 10) мүдделілік бар мәміле жасау ниеті туралы Басқарма Төрағасын жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ ақпаратты ашу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ол жасаған мәмілелер туралы ақпаратты ашуға;
 - 11) өзінің мүдделілігі бар (Басқарма мүшесінің немесе оның аффилиирленген тұлғаларының мүдделілігі бар мәміле) мәселелер бойынша шешімдер қабылдауда

- дауыс беруден қалыс қалуға міндетті. Бұл ретте Басқарма мүшесі Басқармаға осындай мүдделілік фактісінің өзін де, оның туындау негіздерін де ашып көрсетеді;
- 12) Басқарма мүшесінің міндеттерін атқару кезеңінде және Клиринг орталығында жұмыс аяқталғаннан кейін еңбек шартында және/немесе жеке келісімде (шартта) белгіленген мерзім ішінде Клиринг орталығы туралы құпия ақпаратты, инсайдерлік ақпаратты, сондай-ақ заңмен қорғалатын коммерциялық құпияның мәнін құрайтын ақпаратты жария етпеуге және үшінші тұлғалардың мүдделері үшін пайдаланбауға міндетті.
9. Басқарма мүшесі мыналарды қоса алғанда, өзге де лауазымдық міндеттерді тікелей жүзеге асырады:
- 1) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердегі процестерді/операцияларды/процедураларды тұрақты бақылау;
 - 2) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және/немесе жұмыскерлерімен:
 - жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердегі процестердің/операциялардың/процедуралардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін;
 - бұйрықтарды және/немесе өкімдерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын сақтауды;
 - Директорлар кеңесі, Басқарма бекітетін жұмыс жоспарларында жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерге бекітілген іс-шараларды орындауды;
 - жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың тапсырмаларын орындауды;
 - Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, Клиринг орталығында ішкі бақылау жүйесін қалыптастыруды (жете қалыптастыруды) қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесулер мен талқылаулар өткізу;
 - 3) ішкі құжаттардың жобаларын және/немесе иеленушісі немесе тең иеленушісі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше болып табылатын Клиринг орталығының ішкі құжаттарына өзгерістерді/толықтыруларды келісу, сондай-ақ ол жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше дайындаған Клиринг орталығының шығыс хат-хабарларын келісу;
 - 4) Басқарма мүшелерімен және Басқарма Төрағасымен ішкі бақылаудың жұмыс істеуі мәселелері бойынша қажеттілігіне қарай кездесулер мен талқылаулар өткізу;
 - 5) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ету, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметіндегі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, бақылау;
 - 6) жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерімен, Басқарма туралы қағидамен, өзге де ішкі құжаттармен және Клиринг орталығының актілерімен анықталған өзге де міндеттерді жүзеге асыру;
 - 7) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жұмыскерлерін Клиринг орталығының ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптарды қамтитын ішкі құжаттарымен таныстыруды қамтамасыз етеді;
 - 8) құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімдер жасасуды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы шарттарды Клиринг орталығының жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелері осындай келісімдер, шарттар жасасуға бастамашы болған жағдайларда келісімдерге, қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттарға енгізуді қамтамасыз етеді.
10. Басқарма мүшесі Клиринг орталығы Басқармасының мүшелері арасында міндеттерді бөлу және оларды алмастыру тәртібі туралы бұйрыққа сәйкес Клиринг орталығының құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілігін жүзеге асырады.

Клиринг орталығының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жекелеген функциялары бөгде ұйымдарға берілген жағдайда, ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне жетекшілік ететін атқарушы органның мүшесі Клиринг орталығының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты болып табылады.

Құрылымдық бөлімшелердің қызметіне жетекшілік ету ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру және жетекшілік ететін бөлімшелердің тәуекелдерін басқару мақсатында Басқарма мүшесінің мынадай функцияларды орындауын қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:

- 1) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердегі процестердің/операциялардың/процедуралардың тұрақты мониторингі;
- 2) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен және/немесе жұмыскерлерімен:
 - жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердегі процестердің/операциялардың/процедуралардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін;
 - бұйрықтарды және/немесе өкімдерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын сақтауды;
 - Директорлар кеңесі, Басқарма бекітетін жұмыс жоспарларында жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерге бекітілген іс-шараларды орындауды;
 - жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың тапсырмаларын орындауды;
 - Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, Клиринг орталығында ішкі бақылау жүйесін қалыптастыруды (жете қалыптастыруды) қамтамасыз ету мәселелері бойынша кездесулер мен талқылаулар өткізу;
- 3) иесі немесе тең иесі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше болып табылатын ішкі құжаттардың жобаларын, Клиринг орталығының ішкі құжаттарына өзгерістерді/толықтыруларды келісу немесе оларды тоқтату;
- 4) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ету, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметіндегі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, бақылау және мониторинг жүргізу.

4-тарау. БАСҚАРМА МҮШЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

11. Басқарма мүшесі Басқарма туралы қағидада анықталған құқықтармен қатар:

- 1) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер жұмыскерлерінің қатысуымен кеңестер шақыруды талап етуге;
- 2) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің мәселелері бойынша қажетті және толық ақпаратты уақтылы алуға;
- 3) өз құзыреті шегінде жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жұмысына байланысты іс-әрекеттер жасауға және шешімдер қабылдауға;
- 4) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жұмыскерлерін материалдық/материалдық емес ынталандыру қажеттігі туралы шешімдер қабылдауға және Басқарма Төрағасының және Клиринг орталығының өзге де органдарының қарауына тиісті ұсыныстар енгізуге;
- 5) Басқарма Төрағасының/Басқарманың қарауына Клиринг орталығының және/немесе жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

- 6) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды анықтаған кезде белгіленген тәртіппен шаралар қолдануға және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту үшін бұл бұзушылықтар туралы Басқарма Төрағасына баяндауға;
- 7) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тиісті курстар мен семинарларда оқудан өту арқылы өзінің біліктілігін арттыруға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

5-тарау. ЖАУАПКЕРШІЛІК

12. Клиринг орталығы Басқармасының мүшесі:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Клиринг орталығының ішкі құжаттарының және осы Лауазымдық нұсқаулықтың талаптарын бұзу;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған шектерде осы Лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамауы және/немесе уақтылы және/немесе тиісінше орындамауы;
- 3) өзі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері, оның ішінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын сақтауы;
- 4) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің уәкілетті органдар мен ұйымдарға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есептерді, хабарламаларды және өзге де құжаттарды/материалдарды уақтылы ұсынуы;
- 5) Клиринг орталығы және оның жалғыз акционері осы Лауазымдық нұсқаулықта көзделген функциялар мен міндеттерді орындау процесінде олардың іс-әрекеттерінен және/немесе әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін, соның ішінде мыналардың:

жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

олардың жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының Клиринг орталығымен осындай мәмілелер жасасуы нәтижесінде пайда (кіріс) алуы мақсатында Клиринг орталығының залалдарының туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасуға және (немесе) жасасу туралы шешімдер қабылдауға ұсыныстар нәтижесінде шеккен залалдар нәтижесінде шеккен залалдар үшін;

- 6) өзіне толық материалдық жауапкершілікті қабылдау туралы жазбаша шарт негізінде Басқарма мүшесіне берілген мүлік пен басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпеу және Клиринг орталығының мүлкін Клиринг орталығының жарғысына, жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетін, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалану;
- 7) алқалы органдардың отырыстарында негізсіз болмауы;
- 8) лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған инсайдерлік ақпаратты қоса алғанда, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету және мұндай мәліметтердің, оның ішінде Клиринг орталығындағы жұмысы тоқтатылған кезден бастап үш жыл бойы сақталуы;
- 9) Клиринг орталығында белгіленген еңбек тәртібін, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы күзет ережелерін, еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды сақтамау;

- 10) өзі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде ақпараттық қауіпсіздікті сақтамау және қамтамасыз етпеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікті көтереді.
13. Басқарма мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген өзге де жауаптылықта болады.

Осы лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

(Тегі, аты-жөні)